

• МӘДЕНИЕТ
ОШАҚТАРЫНДА

Сатира сарбазына арналды

Қазақстан Республикасының 20 жылдық мерейтойына орай еліміздің түкпір-түкпірінде еліне еңбегі сіңген асыл азаматтарды қалың көпшілікке таныту мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілуде. Солардың бірі - жуырда Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханада Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика бөлімі мен кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен өткен белгілі журналист, сатирик-жазушы Жүсіп Алтайбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Сатираның сарабал сарбазы» атты кеші еді.

Бұл кешке Қазақ гуманитарлық заң университеті жалпы тіл білімі мен аударма ісі бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Әбеуұлы, Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалының директоры, ақын Серік Ақсұңқарұлы, журналист, публицист Марал Хасенұлы, тағы басқа да зиялы қауым өкілдері, жазушының туған-туыстар мен студенттер қатысты.

Кешті жүргізген Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың журналистика бөлімінің доценті, филология ғылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асанов басында өзі терең зерттеген Алтайбаев шығармашылығы жайлы толғамды пікір айтты. Ақын Серік Ақсұңқарұлынан бастап сөз алған ел ағалары саңлақ сатирик жайлы естеліктерін ортаға салды. Алтайбаевтану пәнін ашып, аса көп насихатталмай жүрген белгілі жазушының мұраларын студенттерге жүйелі түрде оқыту керектігін де өз әңгімелеріне арқау етті. Бұны ҚарМУ-дың журналистика бөлімінің аға оқытушысы Мейрамхан Жәпек өз сөзінде тілге тиек етті.

Ж.Алтайбаев шығармаларының ең тұщымдысы, ең елеулісі енгізілген «Нақ-нақ» жинағы мен жазушысының суреттері, сондай-ақ Алтайбаев жайлы жазылған түрлі естеліктер қойылған көрме оқырмандар назарына ұсынылады.

Бұл кештен журналистика бөлімінің студенттері де шет қалған жоқ. 3-курс студенті Жәнібек Әлиманов жазушыға арналған өлеңін оқыса, Назерке Бактыоразқызы сыңғырлаған дауысымен әсем ән шырқады. Қос талантқа Жүсіп Алтайбаев атындағы стипендия тағайындалды.

Айсұлу СҮЛЕЙМЕН,
ҚарМУ-дың 1-курс студенті.

Орталық Қазақстан. - 2011. -
31 мамыр (№ 86). - 6 б.